

**References:**

1. The Bible. Kudai sozu. Boorukerdiktin okuldugy. - Bishkek: Umut nuru, 2004. - 3-volume. - 1260 b.
2. Bilgamesh: Epic / kotor. Bayas Tural. - Bishkek: Turar, 2016. - 104 b.
3. Weinberg, I.P. Man in the culture of the ancient Near East / I.P. Weinberg. - M.: Gl. ed. east lit. Nauka Publishing House, 1986-- - 208 p
4. Homer. Iliad: epic / kotor. K. Yrsaliev. - Frunze: Adabiyat, 1988. - 492 b.
5. Korkut ata kitebi. Turk elderinin bayyrky dastany / kotor. I. Abduvaliev, T. Abylkasymova, G. Satimkulova. - Bishkek:, 2004-- - 174 b.
6. Kuhn N. A. Legends and myths of ancient Greece. - Frunze: Mektep, 1984-- - 448 p.
7. Manas: epic / Sagynbai Orozbek uulunun variants of boyuncha. - Frunze: Kyrgyzstan, 1981. - 3-kitep. - 348 b..
8. Manas: Kyrgyz elinin baatyrdyk epic / ed. Zh. Bekturov; Sagynbai Orozbekovdun variants of boyuncha. - Bishkek: Kyrgyzstan, 1995. - 1-kitep. - 568 b.
9. Fairy tales and stories of ancient Egypt / ed. by D.A. Olderogge. - L.: Nauka, 1979. - 284 p.
10. Mahabharata. Philosophical texts / ed. by B.L. Smirnov. - ed. 2-e. - Ashgabat: Ylym, 1983. - Book 1, issue 5-- - 664 p.
11. Tolstoy, L. N. Complete works: in 90 t. / L.N. Tolstoy. - M.: Art. Lit., 1955. - T.79: Letters. - 291 p .
12. Tolstoy, L. N. Complete works: in 90 t. / L. N. Tolstoy. - Moscow: Art. Lit., 1957. - Vol.89: Letters - 240 p.
13. Firdousi. Shah-Name / Firdousi; kotor. R. Shukurbekov. - Frunze: Kyrgyzmambas, 1958-- - 242 b.
14. Schopenhauer, A. The world as will and representation / A. Schopenhauer; per. M.I. Levina. - M.: Nauka. 1993. - Vol. 1: Criticism of Kant's philosophy-- - 672 p.
15. Yuan, Ke.Myths of ancient China / Yuan Ke. - M.: Nauka, 1965-- - 244 p.

УДК 39.398.1

DOI 10.33514/ ВК-1694-7711-2021-1 (2)-72-79

**Орман М., Байгутова А., Танабаев Г.**

ЖЧШ "Казнаб билим берүү", илимий консультант, Шымкент, Казакстан,  
Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык университети, филология илимдеринин  
кандидаты, ага окутуучу, Шымкент, Казакстан,  
Түштүк Казакстан мамлекеттик педагогикалык университети, филология илимдеринин  
кандидаты, ага окутуучу, Шымкент, Казакстан

**Орман М., Байгутова А., Танабаев Г.**

"Казнабобразование" ЖШС ғылыми кеңесшісі, Шымкент, Қазақстан,  
Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университети, Шымкент, Қазақстан,  
Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университети, Шымкент, Қазақстан

**Орман М., Байгутова А., Танабаев Г.**

научный консультант ТОО «Казнабобразование», Шымкент, Казахстан,

Кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан,

Кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

**M. Orman, A. Baigutova, G. Tanabayev**

research advisor for “Kazsnabobrazovanie” LLC, Shymkent, Kazakhstan,

Candidate of philology, senior lecturer of South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan,

Candidate of philological science, senior teacher. South Kazakhstan State Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

**КОШТОШУУ ЖАНА ЖОКТОО (ЖОКТАУ) КАЗАКЧА БААТЫРДЫК  
ЭПОСТОР, АЛАРДЫН ЭПОСТУН ТЕМАСЫ ЖАНА ИДЕЯСЫ  
МЕНЕН БАЙЛАНЫШЫ**

**ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫРЛЫҚ ЭПОСТАРЫНДАҒЫ ҚОШТАСУ МЕН ЖОҚТАУ  
(ЖОҚТАУ), ОЛАРДЫҢ ЭПОСТЫҢ ТАҚЫРЫБЫМЕН ЖӘНЕ ИДЕЯСЫМЕН  
БАЙЛАНЫСЫ**

**ПРОЩАНИЯ И ОПЛАКИВАНИЯ (ЖОКТАУ) В КАЗАХСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ  
ЭПОСАХ, ИХ СВЯЗЬ С ТЕМАТИКОЙ И ИДЕЕЙ ЭПОСА  
FAREWELL AND MOURNING (ZHOCKTAU) IN THE KAZAKH HEROIC EPOSES,  
THEIR RELATIONSHIP WITH THE THEME AND IDEA OF THE EPICS**

**Аннотация:** Мақалада казак баатыр эпосторундағы қоштошуу жана аза күтүү ырым-жырымдарының ролу қаралат. Эпостун темаларын жана идеяларын ачууда алардың қырдаалдық мааниси талданат. Баатырдық эпостун идеясы элди жана жерди душмандардан қоргоо болгондуктан, эпостордо қоштошуу ырым-жырымының сүрөттөрү табиғий көрүнүш. Биз баатырдық эпостордо қыздың өз үйі менен қоштошуусун же адамның өз жери менен қоштошуусун ж.б. көрө албайбыз, тактап айтқанда баатырдың жана анын туугандарының қоштошуусу. Эпостордо, элдин тереги болгон баатырға қарата ар қандай татаал қырдаал, анын эли үчүн соққу болгон, бул қоштошуу жана жоқтау сыяқтуу ырым-жырымдардан көрүнүп турат. Баатыр уулун жоготкон жақындарының қайғысы мақалада көптөгөн мисалдар менен сүрөттөлген. Бул баатырдың адаттан тыш образын ачат. Бүткүл сюжеттин түзүлушү эпостун идеялық-тематикалық мақсатына жараша болот. Эпостун ички деталдары ошого жараша өзгөрөт. Эгерде қандайдыр бір чыгарманың структуралық тутуму теманы жана идеяны ачууга дуушар болсо, анда ушул мақаланың артындағы қоштошуу жана аза күтүү ырым-жырымдары белгілүү себептерден улам қолдонулған. Бул мақалада илимпоздордун пикири жана тарыхый сын-пикирлер келтирилген.

**Аннотация:** Мақалада қазақ батырлық эпостарындағы қоштасу мен жоқтау (жоқтау) салттарының рөлі қарастырылады. Эпостың тақырыптары мен идеяларын ашудағы олардың ситуациялық маңыздылығы талданады. Батырлық эпостың идеясы халық пен жерді жаулардан қорғау болғандықтан, эпостардағы қоштасу рәсімінің бейнесі табиғи құбылыс. Біз батырлық эпостарда қыздың туған үйімен қоштасуын немесе адамның туған жерімен қоштасуын және т.б., атап айтқанда, батыр мен оның туыстарының қоштасуын көрмейміз. Эпостарда халықтың тірегі болған кейіпкерге қатысты кез-келген қиын жағдай оның халқы

үшін соққы болды, мұны қоштасу және жоқтау сияқты рәсімдер дәлелдейді. Батыр ұлынан айырылған жақындардың қайғысы мақалада көптеген мысалдармен суреттелген. Бұл кейіпкердің ерекше бейнесін ашады. Бүкіл сюжеттің қалыптасуы эпостың идеялық-тақырыптық мақсатына байланысты. Тиісінше, эпостың ішкі бөлшектері де өзгереді. Егер кез-келген жұмыстың құрылымдық жүйесі тақырып пен идеяны ашуға бейім болса, онда осы мақаланың негізінде қоштасу және жоқтау рәсімдері белгілі бір себептермен қолданылды. Мақалада ғалымдардың пікірлері мен осы мәселе бойынша тарихи шолулар келтірілген.

**Аннотация:** В статье рассматриваются роль обрядовых ритуалов прощания и оплакивания (жоктау) в казахских героических эпосах. Анализируется их ситуативная значимость в раскрытии тематики и идеи эпоса. Так как идеей героического эпоса является защитить народ и землю от врагов, то изображения ритуала прощания в эпосах закономерное явление. Мы не видим в героических эпосах прощания девушки с родным домом или прощания человека с родной землей и т.д., а именно прощание героя и его родственников. В эпосах любая сложная ситуация по отношению к герою, который был опорой народа, для его народа был ударом, о чем свидетельствуют такие ритуалы, как прощание и жоқтау. Скорби близких, потерявших сына-героя, проиллюстрированы в статье множеством примеров. Это раскрывает необычный образ героя. Формирование всего сюжета зависит от идейно-тематической цели эпоса. Соответственно меняются и внутренние детали эпоса. Если структурная система любого произведения подвержена раскрытию темы и идеи, то ритуалы прощания и оплакивания, лежащие в основе этой статьи, использовались по определенным причинам. В статье приводятся мнения ученых и исторические обзоры по этому поводу.

**Annotation:** The article examines the role of rituals of farewell and mourning (zhoktau) in the Kazakh heroic epics. Their situational significance in revealing the themes and ideas of the epic is analyzed. Since the idea of the heroic epic is to protect the people and the land from enemies, the depiction of the farewell ritual in the epics is a natural phenomenon. We do not notice in the heroic epics a girl's farewell to her home or a person's farewell to motherland etc., namely the farewell of the hero and his relatives. In the epics, any difficult situation in relation to the hero, who was the support of the people, was a blow to his people, as evidenced by such rituals as farewell and zhoktau. The sorrow of relatives who have lost the hero's son is illustrated in the article with many examples. This reveals an unusual depiction of the hero. If the structural system of any work is subject to the disclosure of themes and ideas, then the farewell and mourning rituals underlying this article were used for specific reasons. The article appeals to the opinions of scientists and historical reviews on this matter.

**Ачкыч сөздөр:** баатырдык эпос; баатыр; қоштошуу; аза күтүү (жооктау); тема; идея; кырдаалдык; ырым-жырым.

**Түйінді сөздер:** батырлық эпос; батыр; қоштасу ; жоқтау (жоктау); тақырып; идея; жағдайлық; салт-дәстүр.

**Ключевые слова:** героический эпос; герой; прощание; оплакивание (жоктау); тематика; идея; ситуативность; ритуальный обряд.

**Key words:** heroic epics; hero; farewell; mourning (zhoktau); themes; idea; situation; ritual.

Қаһармандық эпостардың зерттелуі біршама тиянақталған деуге болады. Алғашқы зерттеулердің легі өткен ғасырдың орта шенінен бастау алады. Алғашқы зерттеулерде қаһармандық эпостардың ішкі және сыртқы қалпы бүтін қазына қалпында сипатталып, оған

тән кесек белгілері зерттеу нысанында болса, бертін келе бүгінгі күнге дейін анағұрлым терең әрі тиянақты еңбектер молынан жазылып келгені мәлім.

Олардың алғы шебінде В.М.Жирмунский, А.С.Орлов, Е.М.Мелитинский, М.О.Әуезов, Қ.Ж.Жұмалиев, А.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев сынды ғалымдардың тұрғаны ғылымда белгілі. Қазақтың қаһармандық эпостарының поэтикасы бойынша да қомақты еңбектер жарық көрді. Оның қас шеберлері Ш.Ыбраев, Б.У.Әзібаеваның ғылыми зерттеулері ғылымға дара жол салды.

Қазақтың қаһармандық жырларының поэтикасы мен көркемдік ерекшеліктеріне қатысты тақырыптарда көптеген ғылыми диссертациялар жазылды. Жалпы зерттеулер жеке еңбекке арқау болатын мәселе.

Бұл мақалаға арқау болған мәселе де эпостың тақырыбы мен идеясын құрайтын алып құрылымның бір парасы ретінде қоштасу, жоқтау айту салттық ғұрпы болмақ.

Идеясы елді, Отанды қас жаудан қорғау болған қаһармандық эпостағы қоштасу салтының болуы заңды құбылыс. «Қазақ фольклорының бағзы замандардан ұмытылмай ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жетіп, әр буынды отансүйгіштікке, ерлікке, ынтымақ-бірлікке жетелеп отырған үлкен бір саласы –батырлар жыры» [1,4] Себебі батыр елге тиген, халықтың берекесін қашырып, ойран салған жауды үйінде күтіп отырмайды, артынан қуып барып, қырғын салады. Ол қауіп - қатерлі, ұзақ сапарға аттанады. Оның аман келу, келмесі беймәлім. Қатерге басын байлап аттанып бара жатқан сенген, сүйген ұлдарын ел-жұрты, туған - туысы қимай, қамығып жылайды. «Қобыланды батыр» жырының Құлзақ нұсқасындағы Қобыландының қарындасы Қарлығаштың қоштасуы былайша өріледі: Ағасын ең жақыны деп сипаттап, ол аман-есен жорықтан келгенінше «артында қалған біз нашар» (батырдан өзгелерінің төмендігін ерекшелеп өтеді) жиылып, тасаттық жасап күтеміз дейді. Тасаттық рәсімінің өзі күткен кісінің ерекше қадірлі, керек жан екендігінен хабар береді. Яғни, ол құбандық шалынып, әруақтарға бағыштап құран оқылатын діни рәсім болып табылады.

Басымда бар алтын шоқ,  
Жан көкем барда көңілім тоқ...  
Желі толған түйең бар,  
Оны кімге тапсырдың?  
Қораң толған қойың бар,  
Оны кімге тапсырдың?  
Тоқсандағы атаң Тоқтарбай  
Жан көке, кімге тапсырдың?  
Жетпістегі анаң Аналық  
Ал, көке, кімге тапсырдың?  
Өзіңмен бірге туысқан,  
Бірге туып, бірге өскен,  
«Көкежан» деп жылаған,  
Мен сорды кімге тапсырдың?  
Бұл дүниеде мұңдасың,  
Төсекте жатқан сырласың,  
Құртқаны кімге тапсырдың? [2,171-172]

Ең жақын қимастарын жеке-жеке бөліп айтып, есіне салу арқылы райынан қайтаруды көздеген қарындасының бұл қоштасуы да батырға тоқтау болмайды. Себебі батырдың миссиясы бөлек, ол бір үйдің емес, халықтың баласы. Ноғайлы елін қырып кеткен Қазан жұртынан кек алмаққа Қараманмен бірге аттанғалы тұрған Қобыландының бойында қаны қайнап, алған бетінен таймай, артында ештеңеге қарайламасы бұл мысалдан анық көрінеді. Қобыланды да өз мұңын айтып қоштасады. Өзі келгенше сабыр сақтап, күтуін, Жаратқан иенің құдіретіне сеніп тастап бара жатқандығын айтып жылап қоштасады.

Біз бұл жерден ұзатылып бара жатқан қыздың сыңсу айтып қоштасуын емес немесе жер ауыстырып көшкендегі кіндік қаны тамған туған топырақпен, тасымен, суымен қоштасу емес, жауға қарсы шапқан батырдың және оның жақындарының мұңды қоштасуын көріп отырмыз. Олардың тақырып пен идеяның бояуын қанықтырып, жырлардағы тайға басқандай ерекше орнын танимыз.

«Эпос оқиғасының өрілуі, түрлі эпизодтар мен мотивтердің көркемделуі, сөйтіп тұтас сюжет құрауы сол эпостың идеялық, тақырыптық мақсатына байланысты. Осыған лайық эпостың мотивтері, ішкі детальдары да өзгеріп отырады.» [3,77] Сол сияқты батырлық жыр болғандықтан, оның негізгі кейіпкерінің қаһармандық әрекеттері жырланады, оның басынан сан алуан оқиғалар өтеді және үнемі қауіп-қатер төнген елін, жерін жаудан қорғау идеясына құрылған ерлік жолында қазаға да душар болу жағдайларының кездесіп отыруы заңды. Оқиғалар тізбегі болса, бас қаһарманның айналасында өрбіп, барлық әсірелеу амалдары тек бас қаһарманды даралау мақсатында жүзеге асып отыратын жағдайда қоштасу, жоқтау, естірту ғұрыптарының орын алуы заңды құбылыс.

Батырдың басына нелер келіп, нелер кетпейді? Ол өтіріктің шырмауына да түседі, азғыру, арбаудың да құрбаны болады, біреудің сөзімен тыныш жатқан елге өздігінен келіп тиіп, шырқын бұзған әділетсіз әрекеттер де жасап қалады. Бірақ ондай әрекеттер батырға лайық болмағандықтан, жыршы оның желеп жебеуші күш иелерінің тарапынан жазаланып отыруын дұрыс санайды. Тіпті, кейде жазаның ауыры батырдың қазаға ұшырауымен сипатталған. Бұл «Ер Сайыннан» жақсы көрінеді. Сайынның өлімі туралы хабардан кейінгі Аюбике сұлудың жоқтауы керемет беріледі: Батырдың тал бойына жарасқан бес қаруын сипаттап, қолындағы найзасын қарағайдай деп теңеп, өзіндей серігі табылмасын айтып, ханшадай әдемі уақытында ерінен айрылған мұңды болдым деп келетін жоқтауы тыңдаушысын еріксіз жылатады. Алты қанат ақ орданың несі отау ішіне қасқам енбесе дейді. «Мандайың құлаш, Ер Сайын, қалпың еске түскенде жанымды нағып күйгізбен» деп Сайынның кең мандайлы сымбатын еске алады. Бұл сипаттаулардан батырдың дара бітімін анық көруге болады. Ішім қан жыласа да, дұшпаныма білгізбеймін деген сыңайынан қыз болса да ер мінезін аңғартады. Осындай жар ғана батырға лайықты боларын жыр жолдары шебер аңдатып өтеді. [4,120-121]

Әр халықтың өлім туралы өзіндік таным-түсінігі болған. Мәселен, Қытайда үйдің төбесіне шығып, өлген адамның атын атап, «қайтып кел» деп айқайлап шақыратын болған. Ал Африканың Самоя жағалауын мекен еткен халықтар мен көне египеттіктердің, еврейлердің бірнеше күн бойы тамақ ішпей, сол әрекеттерімен қорқыту арқылы өлген адамды оятуға әрекет жасағандығы, тіршілікке қайтып оралмайтын болсаң, денемді пышақтаймын деп конголықтар денелерінің бірнеше жерін жарақаттап, қанатқандығы туралы деректер айтылады. Бұл айтылғандардың барлығын этнограф зерттеушілер өлген адамдарға жасалатын құрбандықтың бір түрі ретінде қарастырып жүр. [5,222] Осыған ұқсас

құбылысты тағы да батырлар жырынан кездестіреміз. «Ер Қосай» жырында қалмақтардың қолынан өлген алты ағасының кегін қайтаруға кеткен әкесінің жау қолында мерт болғандығын естігендегі бәйбішесі мен Қосайдың жоқтап отырып жасаған әрекеттері төмендегіше суреттеледі:

Байың өлді деген соң,  
Қыналы бармақ, жез тырнақ,  
Ақ бетіне салады;  
Алды қанға толады,  
Бүлік ойбай болады,  
немесе:

«Сонда Қосай жылады, төбедегі қос айдар бірін қоймай жұлады» [6,29] дейді. Сөзбен ғана жоқтап емес, жан азабын сыртқа шығарудың амалы ретінде шашын жұлып қайғырғанын сипаттайды. Алты бірдей апталдай азамат ағалары мен асқар тауы әкесінің жаудың қастығынан көз жұмағандығы ер жүрек ерен батырдың өзін езіп жібергенін «жоқтау» ғана жеткізе алары даусыз еді. Жалпы жоқтауда әйелдің шашын жайып, бетін тырнап жылайтыны айтылатынын тарихтан білеміз. Бұл мысалда ер жүрек батырдың айдарын жұлып жылағаны суреттеледі.

Ертедегі өлген адамды ана дүниеге шығарып салу салттарына қарап отырсаң, адам өліміне қайғыланудың сан алуан әдеттерінің болғанын көреміз. Әлемдегі халықтардың барлығында дерлік ұшырасатын өлікті жөнелтуге қатысты салттар қазақ арасында да соңғы уақыттарға дейін сақталып, мәнін жоймай келеді. Ондай салттардың мол таралғаны өлген адамды жоқтап қайғы жұтқан жақынының өзін-өзі жарақаттап, жаралап аямауы болып табылады. Ал жоқтау болса, негізінен, сол ішкі мұңның көрінуі, яғни сөз арқылы, кейде түрлі кимыл-әрекет арқылы сыртқа шыққан көрінісі болып келеді.

«Ер Сайында» денесіндегі жарақаты әбден меңдеп, өлім аузында жатқан Сайынның қырық жігіт арқылы Аюбикеге сәлемін айтып тұрып, «Таңсәріден тұрынсын, қынай белін буынсын, бедерленген бес тырнақ, бетіне жара салмасын» деген өтінішінен батырдың өлімінен кейін орын алатын оның жақындарының қайғысын сездіріп тұр. Бұл жерден де бетін тырнап жылаудың айтылып тұрғанын түсінеміз.

Өлікті жоқтау әдетте әйел жыныстыларға тән болып келеді. Шаштарын жұлып, бетін тырнап, бүйірлерін таянып деген сияқты әрекеттер жасап, қатты дауыстап жылайды. Мұның барлығы қазаны аза тұтудың көне салты, көне архаикалық кезеңдерге тиесілі нанымдардың сарқыншақтары болса керек.

Қалай болғанда да жырлардағы еліне сүйеу болған батырының өлімі жұрттың қабырғасын қайыстырғанын аңғаруға болады. Батыр ұлынан айрылғандағы жақындарының жоқтауынан оның батырлық жырлардың тақырыбы мен идеясына тікелей қатысы көрінеді.

Сонымен бірге, қазасы белгілі болмаса да, бірақ ұзақ сапарға аттанып, хабарсыз кеткен жағдайларда да қаһармандық жырларда батырдың ата анасының, туған-туыс, бауырларының қатты толғанып, жоқтау айтатынын білеміз. «Қисса-и Алпамыс батыр» нұсқасында малын айдап кеткен Тайшық ханның артынан қуып кетіп, жеті жыл бойы оралмаған баласын мал бағып жүріп жоқтаған Байбөрінің сөзі:

Жаппар Ием жаратқан  
Көзімнің жасын көрер ме,  
Алпамысым келер ме?

Заманда кеткен баламнан  
Қадір Алла берер ме?..  
Жәдігердің құрсаулы  
Темірменен білегі.  
Сірә, қабыл болар ма  
Байбөрінің тілегі?..  
Еңіреумен ойылды  
Менің бұ екі көзім.  
Келер де күнің бар ма екен,  
Өлгенде көрген жалғызым? [7,32-33]

Батыры жоқ, жаудың (Ұлтан) езгісін көрген елдің мүшкіл халі бейнеленеді. Егер де батырдың елі-жұрты ол жоқта ешбір қиындық көрмей, мамыражай ғұмыр кешіп жататын болғанда, бұл іспеттес жоқтау айтудың қажеті де болмас еді. Батырлық жырларға тән эпикалық кейіпкерді даралау әдісі көрінбеген болар еді. Бұл бір ғана мысал.

«Ер Қосай» жырының басында негізгі кейіпкер Қосайдың әкесінің ағаларының кегін қайтару жолында мерт болғандығы әңгіме болып, кейін ата кегін алып, жаудың айдауында кеткен жылқысын қайтару үшін Ер Қосайдың жауға аттанғандығы жырланады. Жырдан Қосайдың әкесінің атақты жеті ағайынды батырлардың бірі болғандығын білеміз. Ер Бөкшенің қалмақтармен нағыз ерлерше алысқаны жырда жақсы суреттеледі. Ол жау қолынан мерт болғанда бәйбішесінің оны жоқтауы былайша беріледі:

Қосай келсе үйіне  
Жылап отыр шешесі,  
Кеуіл қосын айтады.  
- Қыналы бармақ, жез тырнақ,  
Шығардың беттің майына,  
Ойбайласаң отқа түс,  
Келтірмесей байыңды.  
Бүйтіп алма жайымды.  
Күнде етегің толады,  
Көзіңнен аққан жасыңа.  
Әжем, әжем деп келсем,  
Әжелігің осы ма?  
Бұл ойбайды қоймайсаң,  
Менде жауға кетемін,  
Отырмаймын қасыңа. [6,31]

Бұл жерден тұспалдап айтылған қаралы хабарды естігеннен кейінгі шешесінің жоқтауын және оған Қосайдың қату түрде басу айтуы көрінеді. Негізгі тақырыбы жоңғар феодалдарының қазақтың жерін тартып алу мақсатындағы шабуылдарына қарсы тұрып, өз елін басқыншылардан қорғау болса, сол жолда қаза болған батыр ерін зар илеп жоқтаған әйелдің күйі беріледі.

Мақалаға халықтың тұрмыс-салтынан көрініс беретін қоштасу мен жоқтау айту ғана арқау болды. Ал наным-сенім, түрлі ғұрыптық салттар, дәстүрлердің қаншама үлгілері бар және олар жырларда жиі ұшырасады. «...халық шығармалары ел тарихының әр дәуірінен сыр шертеді, ата-бабалар жүріп өткен бұралаң соқпақтардағы ізін, елі мен жері үшін төккен

терінің иісін сездіретін оқиғаларды, мемлекет жүйесін құрған ру-тайпалардың шежіресін, мәдениетін, ғұрып-салтын баян етеді.» [1,3] дейді бұл турасында фольклортанушы ғалымдар. Қай халықтың болмасын эпикалық дастандарынан тарихына шолу жасауға болады. Қазақтың қаһармандық эпостарын зерттей отырып, бүгінгі күнге дейін жеткен, бірақ аздап өзгеріске ұшыраған ғұрыптарды көреміз.

Отаншылдық тақырыбына эпикалық қаһарманының барлық іс-әрекеті бағыныңқы жүретіні мәлім десек, халықтық әдет-ғұрып, дәстүрлердің де сол мақсатқа жұмылдырылатынына көз жеткізуге болады. Мақаладағы қоштасу, жоқтау айту ғұрыптық салтының да эпикалық шығармалардың тақырыбы мен идеясын жасаудағы айрықша салмағы байқалады. Оған жырлардағы жиі ұшырасатын қоштасу, жоқтау мәтіндері дәлел бола алады.

#### Әдебиеттер:

1. Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. Қазақ фольклорының тарихилығы. 1-том. Монография. – Алматы: ТОО «НВ Принт», 1-том-2016. – 340 бет.
2. Бабалар сөзі : Жүз томдық. жыры. - 2006. - 392 б. Астана : « Фолтант » , 2006. Т.35 : Батырлар жыры.-2006.-392 б.
3. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. Алматы: Ғылым, 1993. - 296.
4. Батырлар жыры. 2 - том. – Алматы: Жазушы, 2006. – 280 б.
5. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 250 б. (кітапта Б. Қанарбаева Мәйіт жерлеу рәсімдерінің этнография мен фольклордағы көрінісі)
6. Батырлар жыры. Т.2. — Алматы: ҚазМемкөркемәдеббас, 1961. (Қаз. ССР Ғылым Акад. М.О.Әуезов атындағы әдебиет өнер, ин - ты). Құрастырғандар: филология ғылымының кандидаттары М.Г.Ғұмарова, О.А.Нұрмағамбетова, Б.Уахатов. 408 - бет.
7. Бабалар сөзі: Жүз томдық . Астана : « Фолиант » , 2006. Т. 34 : батырлар жыры. – 384 б.

#### References:

1. Historical manifestations in folk literature. Historicity of Kazakh folklore. Volume 1. Monograph. - Almaty: NV print LLP, Volume 1-2016. - 340 pages.
2. The Word of ancestors: one hundred volumes. lyrics. - 2006. - 392 P. Astana: "Foltant", 2006. Vol.35: the saga of the heroes.-2006. -392 P.
3. Ibraev sh. the world of the epic. Poetics of Kazakh heroic poems. Almaty: Nauka Publ., 1993. - 296.
4. The Song of Heroes. Volume 2. - Almaty: writer, 2006. - 280 P.
5. poetics of Kazakh folklore. - Almaty: scientific publishing center" Gylym", 2001. - 250 p. (in the book B. Kanarbayeva's reflection of funeral rites in ethnography and folklore)
6. The Song of Heroes. Vol. 2. - Almaty: Kazmemkorkemadabbas Publ., 1961. (Kaz. Akad of science of the USSR. Literature and art named after M. O. Auezov). Compiled by: candidates of philological Sciences Gumarova M. G., Nurmagambetova O. A., Uakhatov B. Page 408.
7. The Word of ancestors: one hundred volumes. Astana: "Folio", 2006. Vol.34: zhyry of batyrs. - 384 P.